

Ф. Е. Бөрібай, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

АБАЙСЫЗДА ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Абайсыздық қылмыскерлікте жаппай әлеуметтік құқықтық құбылыс сияқты қоғамның белгілі бір даму кезеңінде әмір сүретін қылмыс туралы жаппай түсініктің құрамды бір бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы ҚК 21-бабына сәйкес менмендікпен немесе немқұрайдылықпен жасалған әрекет абайсызда жасалған қылмыс деп танылады. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, қылмыс менмендікпен жасалған қылмыс деп танылады. Егер адам қажетті ұқыптылықпен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, қылмыс немқұрайдылықпен жасалған қылмыс деп танылады.

Абайсыздықтан жасалған қылмыс, абайсыздықтан болатын қылмыскерлік, қылмыскерлік түсініктердің өзара қатынасы жеке, ерекше және жалпы деп аталатын категориялар қатынасын диалектикасын кәрсетеді. Бұл жерде жеке деген ұғым абайсыздық салдарынан болған нақты бір қылмысты, ал жалпы ұғымы — бүкіл қылмыскерлікті білдіреді. Бірақ, бұл жеке және жалпы деген екі категорияның арасын абайсыздық қылмыскерлігі байланыстырып отырады.

Қылмысты криминалогиялық жүйелеу ісінде абайсыздық қылмыскерлігі ерекше топқа жатқызылады, басқаша айтқанда, ол жалпы қылмыскерлік құрылымында дербес элементке ие. Бұл дербестік абайсыздық салдарынан болатын қылмыскерліктің ерекшеліктерімен айқындалады:

- а) айыптың түрі бойынша, яғни, қылмыс жасаудың психологиялық механизмі бойынша;
- ә) қылмыс жасаудың әлеуметтік-психологиялық себептерімен қылмыскердің мінез-құлқы бойынша;
- б) сол қылмыстар жасалынатын қызмет салалары бойынша;
- в) келтірген зардабы бойынша.

Абайсыздықтан болатын қылмыс қасақана қылмыстан ең алдымен жасаған бабының түрі-не қарай ерекшеленеді. Соған орай қасақана жасалатын қылмыстың психологиялық механизмінен оның айырмасы сол адамның әзі істеген ісінің қоғам үшін қаншалықты қауіпті екенін және оның қоғамға қандай зардап әкелетінін қалай түсіретіндігіне байланысты. Абайсыздық қылмысын жасауы адам өз ісінің қоғамға қаншалықты қауіпті екенін білмейді, ол қоғамға зиян келтіргісі тіпті оған жол бергісі келмейді. Әйткені ондай зардаптың мүмкін болатынын ол алдын ала кәріп біле алмайды немесе оны болдырмауға, алдын алуға болады деп сенеді.

Бұл жерден абайсыздықтан қылмыс жасайтындарға сипаттама берудің мынадай ерекшеліктері туындайды: қасақана қылмыс жасаушылар ерікті немесе еріксіз түрде өзін қоғамдық мүддеге қарсы қояды, ал абайсыздық қылмысының әлеуметтік-психологиялық себебі абайсыздық, қоғамдық тәртіп ережелеріне жауапсыз караудан болады. Сондықтан да абайсыздықтан қылмыс жасаушылардың қасақана қылмыс жасаушыларға қарағанда әнегелілік сапасы кәбіне жоғары болуы мүмкін.

Абайсыздық қылмыстары әндірісте, транспортта, басқару жүйесінде, медицина практикасында, тұрмыста, т. б. салаларда ұшырасуы мүмкін. Оның қауіптілігі қылмыстың қай салада болатындығына, қылмыскердің қандай құрал-жабдықты пайдаланғандығына байланысты. Келтірілген зардаптың қаншалықты ауырлығы да осыған қарап әлшенеді. Әсіресе, техникаларды пайдалану мен басқару жүйесіндегі кәсіби абайсыздық салдарынан туындайтын қауіп аса зор болмақ.

Осы жерден абайсыздық қылмысының тағы да бір ерекшелігі туындайды: қасақана қылмыс жасаушының мінез-құлқы деңгейі істеген қылмысының деңгейіне сай келеді, ал абайсыздық қылмысы кезінде ондай сәйкестік болмайды. Қылмысқа әкеп соққан абайсыздықтан келген зиян айыпкердің әнегелілік бұзылу деңгейімен емес, оның қызмет саласымен, пайда-нылатын құрал-жабдықтарының ерекшеліктерімен, қылмысты істің себебімен, айыпкер үшін кездейсоқ

болып табылатын тағы да басқа кәштеген жағдайлармен айқындалады. Сондықтан да абайсыздық қылмысы кезінде адамның жеке басы әлеуметтік-әнегелі мінездемесі мен кел-ген зардаптың арасында тең түйедей айырмашылық болуы мүмкін.

Қылмыскерлік түрлі белгілер мен кәрсеткіштер арқылы сипатталатын аса күрделі әлеу-меттік-құқықтық құбылыстан басталады. Сондықтан да оған қылмыстық ауырлығына, қыл-мыс объектісіне, қылмыс санына, оны жасау әдісіне түрлі белгілері бойынша талдау жасала-ды. Қылмысты криминалогиялық талдап, қорытудың маңызы зор. Бұл тұрғыдан алынғанда оны үш топқа бөліп қарайды: пайдакүнемдік қылмыстар, зорлық-зомбылық қылмыстары, лауазым иелерінің немесе мамандардың кәсіби міндеттерін қасақана бұзуы арқылы жасай-тын қылмыстары. Бұл әрине қылмыстардың негізгі түрлерін топтау ғана, ал олардың арасын-да қылмыстық неше түрлері жатыр. Профессор П. С. Дагель осы жіктеудің қатарына дербес топ ретінде абайсыздық қылмыскерлікті қосуды ұсынады.

Қазіргі қолда бар, абайсыздық анықтамасының кемістіктері ретінде мыналарды атап айта-ды: айып жәніндегі жалпы түсінік пен ішкі ниетті айқындаудағы сәйкессіздік, абайсыздық жалпы белгілерін айқындауда субъектінің ізі істеген ісіне қалай қарайтындығының ескеріл-меуі, бұл анықтаманың Қылмыстық кодекстің ерекше бөліміндегі кейбір абайсыздық қыл-мыскерлігі құрамының тіркесімен сай келмеуі, заң шеңберіне сыйыспайтын басқа да абай-сыздық қылмыс түрлерінің нақты әмірде ұштасуы.

Абайсыздық қылмыскерлігін — тәртіптің абайсыз айтуы сияқты тең түсініктің бір бөлігі ретінде қарау керек. Тәртіптің абайсыз айтуы дегеніміз — қоғамға немесе белгілі бір әлеумет-тік топқа зардап келтіретін немесе қауіп тудыратын мінез-құлық құбылысы. Мұндайда қыл-мыс бұл қауіпті түсінбеуден, одан келер зардапты елемеуден немесе ол зардапты болдырмау-ға деген сенімінің күштілігімен жасалады. Бұл жерде, айта кету керек, субъектінің қауіпті сезінуге, оның алдын ала толық мүмкіндігі бола тұра, ол мүмкіндікті іс жүзінде асыра алма-ған жағдайы мысал ретінде алынып отыр.

Абайсыздық салдарынан болатын айыптың қасақана жасалатын қылмысқа қарағанда пси-хологиялық механизмінде, қоғамға келер зардап пен субъектінің ерік-түйсігі арасындағы байланысы да басқаша болады. Субъект ол зардаптың болатынын алдын ала болжамайды не-месе олай болмайтынына сенеді. Бұл екі жағдайда да ол қоғамдық мүддеге ұқыпсыздық кәрсетеді, басқаша айтқанда, тиісті сақтық шараларын жасамайды, осылайша ұқыпсыздық пен әзімшілдіктің аяғы абайсыздыққа апарып соғады.

Әзімшілдік тұсында сақтықтың жеткіліксіздігі субъектінің қоғамға қауіп тәндіретін зар-дапты болдырмаудың алдын алуға байланысты жағдайларға беретін бағасынан байқалады субъект бұл жағдайлардың жеткіліксіз екенін алдын ала кәре білмейді. Ұқыпсыздық тұсында бұл абайсыздық болған істің әзіне қатыстылығынан кәрінеді. Субъект одан қоғамға келер ауыр зардапты алдын ала кәре білмейді. Сондықтан, абайсыз іс-әрекеттің салдары субъекті-нің еркінен тыс болады, оның мәні мен мақсатына кірмейді, керісінше, кәбінесе қарама-қай-шы келеді.

Абайсыздық айыптарының тағы да бір ерекшелігі — онан келген зардап субъектінің әре-кеті үшін кездейсоқ болып табылады. Бұл, әсіресе, қауіпсіздік ережелерін бұзу салдарынан болатын техникалық абайсыздыққа қатысты. И. П. Лановенконың техника қауіпсіздігі ереже-сін бұзуға жасаған талдауы кәрсеткендей, ауыр немесе адам әліміне әкеп соққан әрбір жағ-дайға жеңіл жарақатпен аяқталған ондағы ұсақ тәртіп бұзушылықтан келеді екен.

М. Д. Шаргородский былай деп жазады: «Бүгінгі адам өз жауапкершілігіне алған қызметі үшін де, аяғы үлкен зардапқа апарып соққан іс-әрекеті үшін де жауап беруі тиіс. Операцияны сауатсыз жүргізген соның нәтижесінде сырқат қайтыс болған хирург те дәл осылайша жауап беруі тиіс. Себебі операцияны жақсы жүргізу оның қолынан келмейді, әйткені медицина ин-ститутын бітіргенімен нашар оқыған, операцияны жақсы жасай алмайды, бірақ ол осы салада істеуге ниет еткеннен кейін, оның үлесінен шығуға міндетті болатын. Олай болса маманды-ғын игере алмау салдарынан болған зардапқа хирург жауап береді».

Мұны былай түсінуге болады: Әзі дайын емес қауіпті істі қолға алған адам, өз жеңілдігі-нің нәтижесінде болған зардап үшін жауап беруі тиіс. Бірақ мұндай жағдайды қылмыстық абайсыздық деп тану үшін М. Д. Шаргородский айтқандай, субъективті белгілерден бас тар-ту талап етілмейді. Бұл жерде ұқыпсыздық емес, шартты түрде «қылмыстық абайсыздық» деп аталатын абайсыз әрекеттің әзіндік бір түрлері сөз болып отыр.

Ал кез келген оператор дұрыс шешімін таба бермейтін шұғыл жағдайлар үнемі болып тұрады. Сондай-ақ жеке адамның бойындағы психофизикалық сапалардың да ішкі өзгеріске ұшырауының мүмкін екендігін ұмытпау керек. Осымен субъективті белгілер қылмысты абайсыздықтың маңызды мінездемесі саналады және жағдайды заң тұрғысынан айқындау кезінде оны ескермеу мүмкін емес. Осыған орай, қылмысты абайсыздыққа мынадай анықтама беруге болады: «Егер қылмыс істеген адам әзінің әрекеттерінің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіптігіне зардаптары болуы мүмкін екенін түсінбесе, бірақ түсінуге тиіс және түсіне алмайтындай болса, немесе оның қоғамға қауіпті болуы мүмкін екенін болжаған болса, бірақ жеңіл ойлықпен оның алдын алуға болады деп есептесе, немесе осындай зардаптың болуы мүмкіндігін болжай алмаса, бірақ болжауға тиіс және болжай алатындай болса, онда қылмыс абайсыздықтан істеледі деп танылады».

¹ Ағыбаев А. Қылмыстық құқық. — А., 1999.

² Дагель П. С. Қылмыстық-құқылық және криминологиялық проблемалар. — М., 1999.